



2022 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнін мерекелеуге байланысты Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 16 наурызда № 144/22-VII шешімі.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 наурызда № 27282 болып тіркелді

"Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес
Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022 жылы Нұр-Сұлтан қаласында тіркелген және тұрақты тұратын әрбір Ұлы Отан соғысының ардагеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне қосымша 800 000 (сегіз жүз мың) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатның хатшысы*

Е. Каналимов